

Ж. А. Нұралина, БЖЗО-11 топ студенті
Ғылыми жетекші - Ш. С. Аймукашева, аға оқытушы

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР

ЖАСТАР ЖӘНЕ ДІН Аннотация

Мақалада жастарға рухани тәрбие беру және дәстүрден тыс діни ағымдар сананың улануы туралы мәселілер зерттеліп, қарастырылады.

Кілт сөздері: дін, білім, ислам, жастар, дәстүрден тыс діни ағымдар.

«Жастар және дін» деген тақырыпты тандауыма, жас ұрпақты жақсылыққа асық, жамандықтан қашық болуға үндеудің тамаша үлгісі мен дәстүрімен тәрбиелейтін құндылықтардың өмірімізден алшақтай бастауы жайлы ойлар себеп болды. Бүгінгі жастар имандылыққа жол сілтейтін және олардың жоғалған жан сұлуы мен әдемі әдептерін қайта қалыптастыратын бағыт-бағдарға өте мұқтаж. Ислам үнемі ойлануды, пікір қорытуды, ілім іздеуге бұйырады. Мынадай бір қанатты сөз бар: «Мұминнің бірінші міндеті - білім іздеу. Қандай қайнар көзден тапса да, оған иелік жасауы керек». Қасиетті Құранның 719 жерінде Алла Тағала білім жетілдірудің артықшылығы жөнінде айтқан. Дәл осы тұста мен Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының: «Еліміздің және жастардың ең басты байлығы - сапалы білім» деген даналық сөзі барын да айтқым келеді [1].

Қоғамның толеранттылығы өздігінен пайда болатын нәрсе емес. Ол - тәрбие арқылы қалыптасатын қоғамдық мінез. Ал мінездің негізі дінде. Дін білім арқылы келеді. Қазақстан Республикасы түрлі конфессиялардың мекені. Діннің Қазақстан қоғамы өміріндегі орны ерекше екендігін жергілікті әкімдіктердің діни бірлестіктерімен бірлесіп, Құрбан айт, Ораза айт, «Рождество Христово» сияқты мерекелерінің өткізілуіне атсалысуынан байқауымызға болады, бұл құбылыстар мемлекеттік заман талабына сай көп векторлы саясатын дін саласында да ұстанып келе жатқандығының айғағы. Қоғамымыздың бүгінгі басты мәселелерінің бірі еліміздегі түрлі діндерді ұстанушылар арасында экстремистік көзқарастардың орын алуына жол бермеу. Бұл азаматтардың рухани білім алуын діндерді де, мемлекетті де, қоғам да әрқашан қолдаған.

Қазіргі кезде қоғамымызды, адам санасын улап жатқан діни ағымдардың саны уақыт өткен сайын көбейіп барады. Олардың қаншама біз білмейтін түрлері бар. Сонымен қатар оның адам санасына, өміріне деген қаншалықты зиян келтіріп жатқанын көптеп естіп жүрміз. Қазіргі таңда терроризм, экстремизм деген пәле етек алып, кез келген мемлекеттің басы ауыртар індетіне айналды. Бұл індеттің қашан, қай жерде болатыны белгісіз. Бұл тек қана имамдарға ғана емес, бұл қоғам болып білек сыбанып күресетін мәселелердің бірі. Елбасы өз Жолдауында: «Біз мұсылман үмбеттерінің бір бөлігі екендігімізді мақтан тұтамыз. Біз мұсылман болғанмен Ханафи мазхабының бағытындағы мұсылмандармыз. Сондықтан Аллаға деген сенімімізді жат ағымдардың жаман пиғылына еріп, шатастырып алмауымыз керек. Қазақтың сайын даласына сай нормаларды қолданып құлшылық етуіміз керек», - деген болатын [1]. Жат ағым өкілдерінің дінді бұрмалап, халықтың санасын улайтын уағыздарына өкінішке қарай сеніп қалатын жандар аз емес. Әсіресе, олардың көздегені діннен хабары жоқ

көкөрім жастар. Олар күнделікті өмірде біз бен сіздің арамызда жүріп сенімге кіріп алады. Ислам атын жамылып, бетперде кигендердің шынайы жүзін білу қиын.

Дей тұрғанмен, құрметті конференцияға қатысушылар, дінмен байланыстының бәрі бірдей оң сипатқа ие бола бермейді. Сондықтан біз діннің жағымды жақтарын айтып қана қоймай, әрбір жағдай мен үдеріске әділ көзбен, шыншылдықпен қарап, тиісті бағасын беруіміз керек. Өкінішке орай, дін рөлінің арта түсуі барысында халықтың діни өмірінің кейбір келеңсіз көріністері ашыла бастағанын айта кеткім келеді. Аталмыш мәселені зерделеу көрсетіп отырғандай, елімізде қалыптасқан қағидаларға мойынсұнбайтын азаматтар да жоқ емес, кейбір дінге сенушілердің қоғам алдындағы конституциялық, азаматтық борышын атқарудан бас тарту оқиғалары көрініс алуда.

Діни экстремизм мен терроризм радикализмнің кең тараған түрлері болып табылады. Өкінішке орай, құқыққорғау органдары атап көрсетіп отырғандай, мұндай қылмыс түрлері де елімізде етек алуда. Экстремизм мен терроризм идеологтары дінді пайдаланып, діни риториканың ерекш едістерін қолдана отырып, халықтың белгілі бір топтарының ой-санасына теріс ықпал ете білді. Көп жағдайда әлеуметтік белсенділігімен ерекшеленетін, идеологиялық ықпалға тез түсетін қоғамның ерекше тобы саналатын жастар теріс пиғылды діни насихаттық қызмет үшін ыңғайлыны санаға айналды. Жас ерекшеліктеріне қарай ізденгіш және білуге құмар болып келетін жастар қылмыс әлемінің, оның ішінде шетелдік және халықаралық субъектілердің тарапынан айлакерлікпен жасалған идеологиялық тұзаққа жиі түсетін болды.

Еліміздегі уақытша келген шетелдіктер немесе шет елдерге барып діни білім алған азаматтарымыз бөтен елдің идеологиялық келімсектік немесе жат түсініктері мен пиғылдарын діни тұрғыдан халық санасына сіңіруге бар күшін жұмсайды. 2014 жылы Шымкент, Петропавл, Қарағанды, Өскемен, Атырау Астана, Алматы қалаларының жастарының арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама бойынша: «Аумағыңыздағы таныс жастардың қатарынан шетелдік діни мекемелерге оқу үшін жолданғандар туралы хабарыңыз бар ма?» деген сұраққа олардың 32,7 %-ы «естігенім бар», 11,7%-ы «таныстарым бар», 55,6%-ы «бұл туралы ешнәрсе білмеймін» деп жауап берген [3].

Қоғам мүшелерін мемлекеттік бағдарламасыз шетелде діни білім алу мақсатымен оқуға аттануы толғандыратын жәйт. Өйткені, мұның келешекте ұлттық қауіпсіздігімізге нұқсан келтіруі ықтимал. Сондықтан діни білім беру жүйесін мемлекет өз қолына алуға тиіс.

Бүгінгі басты міндеттеріміз - Қазақстан мұсылмандарының рухани құрылымдарын біріктіру; экстремистік идеялардың тарауына қарсы тұру; дінді саясиландырмау, Исламға жала жабу сынды іс-әрекеттердің көрініс табуына жол бермеу; Қазақстан мұсылмандарының рухани құрылымдарын жаңа бағытта жандандыру.

Елімізде әртүрлі діндер мен конфессия өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруі және өзара тиімді іс-әрекет етуі үшін қолайлы жағдайлар жасалған. Мұсылмандар, христиандар және басқа діни сенім өкілдері біздің көпконфессиялы және көпұлтты ортақ үйімізде қоян-қолтық араласа өмір сүріп жатыр. Қазақстандағы конфессияаралық қатынастар әлемдегі көптеген елдер үшін үлгі болып отыр. Жалпы дін, қоғам мен мемлекет дамуының қажетті және сөзсіз жағымды факторына айнала бастады.

Қорыта келгенде бүгінгі жастар болашақ өмірінің жарқын болуы үшін әрекет етіп, еліне тигізер оң пайдасы туралы ойлануы керек. Ол үшін жақсы білім алып, оны тәлімді тәрбиемен ұштастыра білуі тиіс. Жастар дінге бет бұрмас бұрын немесе бір нәрсеге күмәнмен қараған жағдайда, кез-келген адамнан емес, мешіт имамдарымен ақылдасқан жөн болар. Қазіргі ақпараттың жақсы дамыған заманында ақпараттық

технологияларды қолданып осы мәселеге байланысты ғылыми-танымдық бағдарламалар жасау, телеарналардан елдегі болып жатқан діни мәселелердің себептерін ашып көрсетіп, елдегі діни ахуал жайлы халықты ақпаратпен қамтамасыз ете алсақ, бұл жүйеде өз жемісін берері сөзсіз. Сонда ғана еліміз өркендеп, көзі ашық, көкірегі ояу сауатты азаматтарымыз көбейіп, қаймағы бузылмаған мемлекетімізді сақтап қаламыз. Сондықтан қазіргі қоғам халықтың діни сауатты болғанын талап етеді. Бізге діни сауат ауадай қажет екенін түсінетін кез келді. Сөз қорытындысында айтарыматам қазақ «ел боламын десен, бесігіңді түзе» деген. Бала шыр етіп, жарық дүниеге келген күннен имандылықта бойына сіңіру, мектепте де, жоғарғы оқу орындарында да мұны талассыз жүргізіп отыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін айтқым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, Ақорда, 2014 жыл
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, Ақорда, 2013 жыл
- 3 Баймаханов Б. Діни білім - тәрбие бастауы. //Егемен Қазақстан. - 2014. - 27 мамыр.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается духовное воспитание молодежи и деструктивное влияние нетрадиционных религиозных течений.

RESUME

The article deals with the spiritual education of youth and the destructive effect of non-traditional trends religioznyh.